

2009 жылы тұрғындарды жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 19/2 қаулысы. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда N 85 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы N 5/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010.01.22 N 5/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 13 тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабы, 5 бабы 2 тармағына сәйкес, тұрғындардың әлеуметтік - қорғаусыз санатындағы жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамтуға көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі ауданы бойынша тұрғындардың мақсатты топ құрамына кіретін тұлғалардың тізбесі:
50 жастан жоғары тұлғалар;
дәрігерлі-кеңестік комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулері бар тұлғалар;
бір де бір жұмыскері жоқ аз қамтамасыз етілген отбасылардың жұмыссыздары.

2. Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағадрламалар бөлімі тұрғындардың мақсатты тобынан жұмыссыздар үшін 75 әлеуметтік жұмыс орынын құру жөнінде мекемелер және ұйымдармен жұмыс ұйымдастырсын.

4. Ауданның қаржы бөлімі бекітілген қаржы шегінде аудандық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарын уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Бұл қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Ө. Сағандықовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Әпсалықов

Мақсатты топтың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынушы жұмыс берушілердің іріктеу тәртібі

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орнының ұйымына тапсырыс береді.
2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы жұмыс берушілерді іріктеу барысында уәкіметті орган келесі талаптарды есепке алады: кәсіпорындардың төлемге қабілеттілігі, еңбекақының уақытында төленуі, жұмыс орнының техникалық қауіпсіздік нормаларына сәйкестігі, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің кәсіпорын қалыптарын сақтауы, уәкілетті органдардың келісілген шарт мерзімінің өтуі бойынша жұмыссызға тұрақты жұмыс ұсыну мүмкіндігі.
3. Жұмыс беруші уәкілетті органмен әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыруға шарт жасайды. Шартта екі жақтың міндеттері, жұмыс түрлері, көлемдері, еңбек төлемінің мөлшерлері мен жағдайы, әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландырылу көздері, бағытталған жұмыссыздар саны көрсетіледі. Жұмыс уақытша және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орын қолданылуы мүмкін емес.
4. Уәкілетті орган тұрғындардың мақсатты тобының жұмыссыздарын әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру үшін бағыт береді (жолдама).
5. Жұмыс беруші бағытталған жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына қабылдайды, онымен еңбек шартына отырады, техникалық қауіпсіздік нормаларға сәйкес жұмыс орнын ұсынады. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру мерзімі алты айға дейін рұқсат етіледі.
6. Жұмыс берушілер қала бюджетінің қаражатынан еңбек төлеу жөніндегі шығынды қайтару үшін ағымдағы жылғы әр айдың 20-на дейін Уәкілетті органға белгіленген тәртіпте: жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықтың көшірмесі, жұмыс уақытын есептейтін табельді, жұмысшылардың әлеуметтік жұмыс орнына қабылдануы туралы есеп және орындалған жұмыс актісін ұсынады.
7. Мақсатты топтың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынушы жұмыс берушінің осы іріктеу тәртібін орындауды бақылау Уәкілетті органға жүктеледі.

